

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
Тіл және әдебиет институты
Қазақ филологиясы кафедрасы

КУРСТЫҚ ЖҰМЫС

ЕСІМДЕР МЕН ЕТІСТІКТЕРДІҢ СӨЙЛЕМДЕ АТҚАРАТЫН СИНТАКСИСТІК ҚЫЗМЕТІ

Орындаған: ҚТӘ-14 тобының студенті
Әбутәліп А. Ә.

Қабылдаған: ф. ғ. к., доцент Есматова М. Т.

Петропавл, 2016

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

1 СӨЙЛЕМНІҢ ТҰРЛАУЛЫ ЖӘНЕ ТҰРЛАУСЫЗ МҮШЕЛЕРІ.

СӨЙЛЕМДЕГІ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ

2 ЕСІМДЕР. СӨЙЛЕМДЕГІ СИНТАКСИСТІК ҚЫЗМЕТІ

2.1 Зат есімнің сөйлемдегі қызметі

2.2 Сын есімнің сөйлемдегі қызметі

2.3 Сан есімнің сөйлемдегі қызметі

3 ЕТІСТІК. СӨЙЛЕМДЕГІ СИНТАКСИСТІК ҚЫЗМЕТІ

3.1 Есімшенің сөйлемдегі қызметі

3.2 Көсемшенің сөйлемдегі қызметі

3.3 Етістердің сөйлемдегі қызметі

3.4 Тұйық етістіктің сөйлемдегі қызметі

4 СЫЗЫҚША ЖӘНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ОРЫНДАРЫ

4.1 Бастауыш пен баяндауыштың арасындағы сызықша

ҚОРЫТЫНДЫ

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ




КІРІЧІЕ



Курстық жұмыстың өзектілігі: 10 сөз табының тілімізде, сөйлеу процесінде алатын орны, атқаратын қызметі біркелкі емес. Олардың әрқайсысының ұқсас топтардан айқындылығы, ажыратылу шегі, түрлену жүйесі, жетілу дәрежесі де бірдей емес. Жалпы тілдің өзі тарихи құбылыс болғандықтан, оның грамматикалық топтарының бірі сөз таптары да тарихи құбылыс, олардың қалыптасып, дамып отыру жүйесі бар.

Сөз таптарының шығуын, қалыптасуын бірсыпыра ғалымдар сөйлем мүшелерімен байланыстырады. Негізгі сөз таптары сөйлеу процесінде сөздердің белгілі сөйлем мүшелері қызметінде жұмсалып барысында біртіндеп жасалып қалыптасқанын көрсетеді. Әрине, бұл процесте сөйлем ішіндегі сөздердің орын тәртібі, орналасу тұрғысының да әсері бар. Өйткені сөздер, бір жағынан, сөйлемдегі орын тәртібі арқылы (бұл сөздердің белгілі тәртіппен орналасуының, қолданыла-қолданыла келіп тұрақталуы негізінде қалыптасады), екінші жағынан, белгілі сөздермен тұрақты синтаксистік қатынас жасап, грамматикалық сипаты айқындалу арқылы белгілі грамматикалық мағыналарға ие бола бастайды. Сол жалпы грамматикалық мағыналарының негізінде сөздер жеке-жеке грамматикалық топтарға яғни сөз таптарына жіктеле бастайды. Тілдің көне балаң шағында сөз таптары бүгінгідей бір-бірінен грамматикалық тұлғалары арқылы да, семантикалық сипаты арқылы да онша ажырап тұрмаған. Ол кезде грамматикалық тұлғалардың деривациялық қызметінің өзі дамымаған, тіпті грамматикалық тұлғалар қалыптаспай тұрғанда сөздер бір-бірімен орын тәртібі арқылы таза аналитикалық жолмен ғана байланысқан. Жіктеу есімдіктерінің Орхон-Енисей жазбаларының тілінде баяндауыш қызметіндегі сөзбен қайталанып тіркесуі, бір жағынан, олардың әлі жіктік жалғауға толық айналып бітпегенін, екінші жағынан, белгі бір сөздің жалпы грамматикалық мағыналарын қалыптастыруда сөздердің қосымшасыз, орны арқылы белгілі қызметте қолданылғанын көрсетеді.



Сөз жоқ, алдымен саралана бастаған – есімдер тобы мен етістіктер. Бұл топтардың өзі сөйлеуде қызметтері, орын тәртібі арқылы ажырап отырған. Есімдер субъект (субстант), объект есебінде, сөйлемнің соңындағы сөздер предикат қызметінде жұмсалып, көпшілік жағдайда бір сөздің өзі әрі есім ұғымында, әрі қимылдық ұғымды орын тәртібіне қарай білдіріп жұмсала берген. Тілімізде қазір омоним деп танылып жүрген, түркі синкретизмі деп аталатын құбылыс яғни есім-етістік негізгі түбірлер осының айғағы болса керек: *көш (керуен) - көш (бір жаққа көшу), той (думан, ас беру) - той (тойып тамақ ішу), тоң (қатқан жер, кесек) -тоң (қалтырау, тоңу), ық (жел тимейтін жақ) -ық (желдің ағымымен кету), ой (төмен, ойпаң жер) - ой (жерді қазу), жау (май, көздің жауын алды немесе жаубүйрек, жау жұмыр дегенде, көне түрі: йаг-май) -жақ (майлау, сөз соңындағы ж дыбысы есім сөзде у дыбысына айналған, етістікте қатаң қ дыбысына ауысқан) сөз, (ақырын, жайлап: тез байығаннан сөз байыған қайырлы деген мәтелде) – сөз (тарту, ұзарту), тұт (төбеге, бұрыштарға шаң-тозаңның жиналып қалуы) – тұт (майдалау, жүн түту) т.б.*



Зерттеу нысаны. Есімдер мен етістіктердің сөйлемде атқаратын синтаксистік қызметі. Сөйлем мүшелері туралы және есім мен етістік түрлерінің сөйлемдегі қызметі жайында сөз етіп, олардың түрленуі мен сөйлемдегі орнын мысал арқылы көрсету – зерттеу жұмысының негізгі нысаны болып табылады.

Зерттеу пәні. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Жұмыстың негізгі мақсаты – есімдер мен етістіктің сөйлемдегі синтаксистік қызметі жөнінде мәлімет беру. Осы мақсатқа сай мынадай міндеттер туындайды:

1. Сөйлем мүшелері және олардың сөйлемдегі қызметі жайлы мағлұмат беру;
2. Есімдер (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік) және етістік (есімше, көсемше, тұйық етістік, етіс түрлері) туралы толық мәлімет беру;
3. Есімдер мен етістіктік және олардың түрлерінің түрленуін, сөйлемдегі атқаратын қызметін теориялық жағынан, мысал арқылы салыстырып, талқылау ;
4. Сөйлем мүшелерінің сөйлемдегі орны мен тыныс белгілердің дұрыс қойылу мәселесі.



Зерттеу жұмысының дереккөздері. Зерттеу жұмысында А. Ысқақов, Н. Оралбай, Ы. Маманов сынды ғалымдардың еңбектері негізгі дереккөз болды. Аталған ғалымдардың оқу құралдарында есімдер мен етістіктер жөнінде және олардың сөйлемдегі атқаратын қызметі туралы мәліметтер мен ғылыми еңбектердегі теориялық деректер толық қамтылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- Есім мен етістік түрлерінің сөйлемде түрленіп, әр түрлі сөйлем мүшесі қызметін атқаруын мысалмен дәлелдеу және олардың сөйлемдегі өзіндік орнын көрсету.

Зерттеу жұмысының практикалық маңызы. Жұмыс барысында баяндалған тұжырымдар мен нақты деректерді «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы» курсына көмекші құрал ретінде практикалық тұрғыдан қолдануға болады.

Зерттеу жұмысының әдіс – тәсілдері. Жұмысты жазу барысында талдау, баяндау, сипаттау, кесте тәсілдері қолданылады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- сөйлем мүшелері және олардың сөйлемдегі қызметі;
- есім және түрлері, олардың түрленіп, сөйлемде әр түрлі қызмет атқара алуы;
- етістік және түрлері, олардың түрленуі, сөйлемде әр түрлі қызмет атқаруы;
- сөйлем мүшелерінің сөйлемдегі өзіндік орны;
- сөйлемдегі бастауыш пен баяндауыш арасындағы сызықшаның дұрыс қойылуы.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Жұмыс кіріспеден, негізгі мәселені қамтитын төрт тараудан және олардың тармағынан, қорытындыдан тұрады. Жұмыс соңында әдебиеттер тізімі көрсетіледі.



**1 СӨЙЛЕМНІҢ ТҰРЛАУЛЫ ЖӘНЕ
ТҰРЛАУСЫЗ МҮШЕЛЕРІ.
СӨЙЛЕМДЕГІ АТҚАРАТЫН
ҚЫЗМЕТІ**



Сөйлем құрауға қатысқан толық мағыналы сөздер сөйлем мүшелері деп аталады. Қазақ тілінде бес сөйлем мүшесі бар: бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш. Сөйлем мүшесінің белгілері: 1) толық мағыналы сөз болуы керек; 2) сөйлемдегі басқа сөзбен байланысып тұруы керек; 3) сөйлем мүшелерінің бірінің сұрағына жауап беруі керек. Мысалы: *Жылы желдің әлсіз ызыңы естіледі.* Сөйлемде толық мағыналы бес сөз бар. Олардың әрқайсысы белгілі бір сұраққа жауап беріп тұр. *Жылы* – қандай? – сындық ұғым атауы, *желдің* – ненің? – заттық ұғым атауы, *әлсіз* – қандай? – сындық ұғым атауы, *ызыңы* – несі? – заттық ұғым атауы, *естіледі* – қайтеді? – қимылдық ұғым атауы.

Атау септігінде тұрып, іс-оқиғаның иесін білдіретін тұрлаулы сөйлем мүшесі *бастауыш* деп аталады. Бастауыштың сұрақтары: Кім? Не? Кімдер? Нелер? Кімім? Нем? Кімің? Нең? Кіміңіз? Неңіз? Кімі? Несі? Кімдер? Нелер?

Бастауыш баяндауышпен жақ жағынан жекеше, көпше түрде қиыса байланысады. Мысалы: Сен оқыдың, білім алдың, ұстаз көрдің.

Баяндауыш

Бастауыштың іс-әрекетін, қимылын, белгісін, жай-күйін, оқиғаның қай шақта болғанын білдіріп, сөйлемді аяқтап, ойды тиянақтап тұратын тұрлаулы мүше баяндауыш деп аталады. Баяндауыш қайтті, не істеді, не қылды? деген сұраққа жауап береді.

Баяндауыштың негізгі белгілері: 1) бастауыштың жай-күйін білдіреді;

2) жіктік жалғауын жалғап, бастауышпен қиыса байланысады; 3) кейде бастауышсыз-ақ сөйлемге ұйытқы болады; 4) сөйлемді аяқтап, ойды тиянақтап тұрады; 5) қай сөз табынан болса, сол сөз табының сұрағына жауап береді.

Баяндауыш сын есімнен де болады. *Күз аспаны бұлыңғыр, бұлтты.*

Баяндауыш сан есімнен де болады. *Бұл үйдегі адам саны – жетеу.*

Баяндауыш есімдіктен де болады. *Жамал апайдың жастарға айтпағы – осы.*

Толықтауыш – тұрлаусыз мүшелердің бір. Ол – сөйлемде іс-оқиғаны заттық мағына жағынан толықтыру үшін жұмсалады.

Сөйлемдегі амал-әрекетті, іс-оқиғаны заттық мағына жағынан толықтырып тұратын тұрлаусыз сөйлем мүшесі толықтауыш деп аталады.

Толықтауыш болатын сөздердің негізгі белгілері: 1) атау мен іліктен басқа барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септік жалғауларын меңгеріп тұрады; 2) толық мағыналы сөздер туралы, жөнінде, жайында деген септеулік шылаулардың бірінің тіркесуінен жасалады; 3) толықтауыш болатын сөз заттық мағынаға ие болады; 4) толықтауыш болатын сөз Кімге? Неге? Кімді? Нені? Кімде? Неде? Кіммен? Немен? Кім туралы? Не туралы? Кім жөнінде? Кім жайында? деген сұрақтарға жауап береді; 4) толықтауыштың байланысу түрі – меңгеру мен жанасу.

Мазмұны мен тұлғасы жағынан толықтауыш екі түрлі болады: 1) тура толықтауыш; 2) жанама толықтауыш.

Тура толықтауыш табыс септігінің жалғауын жалғап, сабақты етістікпен байланысты болып, тура объектіні білдіріп тұрады. Ол ауыл шаруашылығы академиясын (нені?) бітірген еді.

Жанама толықтауыш табыс септігінен басқа барыс, жатыс, шығыс, көмектес септік жалғауларының бірін жалғап, салт етістікке қатысты болып, жанама объектіні білдіреді. Терезеден (неден?) ай сәулесі дірілдей түсіп тұр. Абай Ерболға (кімге?) Әйгеріммен (кіммен?) ашық сөйлесуді тапсырды.

Тұрлаусыз мүшенің екінші түрі – *анықтауыш*. Сөйлемде зат есімнен не заттық ұғымда жұмсалған басқа сөз таптарынан болған мүшелерді сындық, сапалық, сандық, иелік жағынан сипаттайтын тұрлаусыз мүше анықтауыш деп аталады. Анықтауыш Қандай? Қай? Қанша? Неше? Нешінші? Кімнің? Ненің? деген сұрақтарға жауап береді. Күрең (қандай?) ат еш нәрседен үрікпей сұлу (қандай?) жүрісімен сылаң қағып келеді. Екінші (нешінші?) соққыдан есін жинай алмай қалды. Қалиқа – Ұлжанның (кімнің?) ауылдан ертіп келген серігі. Шеткі (қай?) үйден көңілді (қандай?) әуен естіліп жатты. Тілек сегізінші (нешінші?) сыныпта оқиды. Анықтауыш өзі анықтайтын мүшемен қабыса және матаса байланысады. Мысалы: күрең ат, сұлу жүріспен, Ұлжанның серігі, шеткі үй, сегізінші сынып, т. б.

Пысықтауыш – тұрлаусыз мүшенің бір түрі. Етістіктен болған баяндауышты мекен, мезгіл, қимыл-сын, себеп, мақсат жағынан айқындайтын сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі пысықтауыш деп аталады. Сұрақтары: Қашан? Қалай? Қайдан? Қашаннан бері? Қанша? Қалай? Қайтіп? Қалайша? Неліктен? Неге? Не үшін? Пысықтауыштың негізгі белгілері: 1) іс-қимылды мезгіл, мекен, мақсат, мөлшер, себеп, сын-қимыл жағынан пысықтап тұрады; 2) Қашан? Қайда? Қалай? Қайтіп? Неге? Не үшін? Неліктен? деген сұрақтарға жауап береді; 3) байланысу түрлері: қабысу, меңгеру, жанасу.

2 ЕСІМДЕР. СӨЙЛЕМДЕГІ СИНТАКСИСТІК ҚЫЗМЕТІ



Есімдер тобына жататын сөз табының бірі – **есімдіктер**. Есімдіктер заттың атын, сынын, санын, я олардың аттарын білдірмейді, бірақ солардың (зат есім, сын есім, сан есімдердің) орнына жұмсалады.

Есімдіктер әр түрлі сөз табының орнына жүретіндіктен, сөйлемде әр түрлі мүшенің қызметін атқарады.

1. Есімдіктер, әсіресе жіктеу есімдіктері, атау септікте тұрып **бастауыш** болады. Мысалы: Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін (А.Құнанбаев). Кино үстінде бұлар бір-біріне бір ауыз сөз айтқан жоқ. (Ж. Молдағалиев).

2. Есімдіктер барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктердің бірінде тұрып **толықтауыш** болады. Мысалы: Кеудемде жаным тұрғанда Гауһарды ешкімге бермеспін (С. Мыңжасарова). Жалғыз сенен айырылып, Артына қарап аһ ұрдым (А.Құнанбаев).

3. Есімдіктер ілік септікте немесе сын есім мен сан есімнің орнына қолданылып, **анықтауыш** болады. Мысалы: Ешбір дарынды ақын, ешбір дарынды жазушы орыс әдебиетін, орыс әдебиеті арқылы дүние жүзілік озық әдебиеттің көрнекті үлгілерін аттап өте алмауы керек. (Ғ. Мүсірепов). Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол (А.Құнанбаев). Бұл сұрауға жауап бермей, аз отырып барып сөйледі. (С. Мұқанов.). Бірнеше жұмсақ алақан Көтеріп бара жатқандай (Ғ. Қайырбеков).

4. Есімдіктер мезгіл, мекен мағыналарыңда үстеудің орнына қолданылса, **пысықтауыш** болады. Мысалы: Бүгін ешқайда бармайсыңдар, маған бір кешті қимайсыңдар ма? (Ж. Молдағалиев). Бірен-саран шыққан астықтарын жұрт әлдеқашан жинап алған. (С. Дөнентаев).

5. Есімдіктер жіктеліп қолданылса, **баяндауыш** болады. Мысалы: Менің іздегенім — сенсің. Әнеугі келген бала — осы. Сен нешіншісің?

ЗАТ ЕСІМНІҢ СӨЙЛЕМДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Бастауыш. Зат есім атау септікте тұрып, кім? не? деген сұраққа жауап беріп, сөйлемде ойдың иесі болады. Ел (кім?) ерімен еңселі. Таулардан өзен (не ағар?) ағар сарқыраған. Ана (кім?) сендерді шексіз сүйеді. Егішілер (кімдер?) астықты элеваторға жөнелтіп жатыр. Бала – отбасының бақыты.

Баяндауыш. Зат есім жіктеліп келіп, сөйлемнің баяндауышы да болады. 3-жақта жіктелген сөздің жіктік жалғауы болмайды. Қазақ- ұлы халық (кім?). Пәле –жаламен ісі жоқ жандар (кімдер?). Еңбегімнен ләззат алған әр сәтім –бақыт (не?).

Анықтауыш. Зат есім ілік септікте немесе түбір тұлғада тұрып, анықтауыш болады. Алтын (қандай?) зері жарқылдап көздің жауын алады. Асанның (кімнің?) мінезі жақсы. Дайрабай әрі күйші, әнші, ақын (қандай?) адам болған.

Толықтауыш. Зат есім табыс септікте және барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерде тұрып, толықтауыш та болады. Көк торғын Көкшетауды мұнар басқан, Бастары көкке байлап бұлттан асқан. Хат Айгүлден (кімнен?) келіпті. Суретін Қарлығашқа (кімге?) ұсынды. Ата –ананды (кімді?) құрметте.

Пысықтауыш. Зат есім барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерде тұрып немесе түбір тұлғада мезгілдік, мекен-бағыттық, себеп-мақсаттық мәндегі шылаулармен тіркесіп келіп, пысықтауыш та болады. Арман ауылға (қайда?) кетті. Асан үйіне сабақтан кейін (қашан?) барды. Орманның оңтүстік жақ бүйірінен (қайдан жол шықты?) Жол шықты айдаһардай иірілген. Көкке қарай (қайда қанат қағып?) қанат қағып, Аққу кетті бұлдырап. Абай Шыңғыстауда (қайда?) туған.

СЫН ЕСІМНІҢ СӨЙЛЕМДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

1. Сын есім әдетте сөйлемде *анықтауыш* болып тұрады. Мысалы: Сұр бұлт түсі суық, қаптайды аспан (А) деген сөйлемде сұр және (түсі) суық деген сын есімдер (кандай?) бұлт деген зат есімді анықтап тұр. Сөйлемде анықтауыш болу — сын есімнің негізгі қызметі. Өйткені сын есім заттың әр түрлі сыр-сипатын, сапалық, қатыстық белгілерін білдіреді. Сын есім ілік септікте тұрып заттанып келіп, те анықтауыш болады. Мысалы: жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын (мақал) дегенде жақсының (яғни жақсы адамның) кімнің? (жақсылығын) деген сұраққа жауап беріп анықтауыш болып тұр.

2. Сын есім жіктік тұлғада тұрып сөйлемнің *баяндауышы* да болады. Мысалы: Сен бір артық көркемсің (Ж). Әлсіз адам сүріншек (мақал). Бұл сөйлемдерде көркемсің (II жақ), сүріншек (IIIжақ) сөздері жіктік тұлғада баяндауыш қызметін атқарып тұр.

3. Сын есім сөйлемде етістіктің алдында тұрып, қимыл, іс-әрекеттің сынын білдіріп, қалай? деген сұраққа жауап беріп *пысықтауыш* та болады. Мысалы: Өлеңмен сөзді желдей құйындатқан (Ж). Гүлнар бөлмесін таза ұстайды деген сөйлемдерде желдей, (қалай құйындатқан?) таза (қалай ұстайды?) деген сын есімдер пысықтауыш қызметін атқарып тұр.

4. Сын есім әдетте көптелмейді, тәуелденбейді, септелмейді. Егер сын есімге көптік, я тәуелдік, я септік жалғауы жалғанса, онда сын есім зат есімнің орнына жүреді. Осындай сын есімнің сөйлемде зат есімнің орнына жұмсалып, зат есімнің қызметін атқаруын сын есімнің заттануы дейді. Мысалы: Жақсыдан шарапат, жаманнан кесапат (мақал) деген сөйлемде жақсыдан, жаманнан деген сын есімдер шығыс септік жалғауында тұрып, зат есімнің орнына яғни адамнан дегеннің орнына (жақсы адамнан, жаман адамнан) заттанып қолданылған. Заттанған сын есім атау септік тұлғасында тұрып бастауыш болады. Мысалы: Ұялшак, сы-бағасынан құр қалар (мәтел). Баланың жақсысы — қызық, жаманы — күйік (А.) деген сөйлемдерде ұялшак, (адам кім?), жақсысы (бала кімі?), жаманы (бала кімі?) атау септікте тұрып, заттанып, бастауыш қызметін атқарып тұр.

5. Сын есім табыс, барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінде келіп, заттанып, *толықтауыш* та болады. Мысалы: Білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез (А.) деген сөйлемде білімдіден (кімнен шыққан?), талаптыға (кім болсын кез?) деген сын есімдер заттанып келіп (адамға деген мәнде) толықтауыш қызметін атқарып тұр.

САН ЕСІМНІҢ СӨЙЛЕМДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Сан есім заттың санын, мөлшерін, ретін білдіретіндіктен, әдетте, сөйлемде *анықтауыш* болады. Мысалы: Екі достың бірі ыңғайлы, біреудің ебі жоқ (жұмбақ) деген сөйлемде екі сан есім (неше?) достың деген сөзді, біреуінің (кімнің?) ебі дегенді анықтап тұр. Сан есім ілік септікте заттанып тұрып та анықтауыш бола береді.

Сан есім жіктеліп келіп немесе көмекші етістіктермен тіркесіп келіп *баяндауыш* та болады. Мысалы: Атадан — алтау, анадан — төртеу, жалғыздық көрер жерім жоқ (А). Біз екеу едік (Б. М.) деген сөйлемдерде алтау (біз алтаумыз), төртеу (біз төртеуіміз) сөздері нешеу? (нешеуіміз?) деген сұраққа, екеу едік деген нешеу едік? деген сұраққа жауап беріп, жіктеліп келіп (алтау, төртеу дегендердің І-жақ жіктік жалғауы елең сөздің ерекшелігіне байланысты түсіп қалған) баяндауыш қызметін атқарып тұр.


Сан есім атау септікте тұрып *бастауыш* болады. Мысалы: Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді (мақал) дегенде алтау, төртеу сөздері кім? (ала болса, түгел болса) деген сұраққа жауап беріп, атау септікте тұрып бастауыш болып тұр.

Сан есімдер септік тұлғасында да, септелмей де етістіктің алдында келіп *пысықтауыш* та болады. Мысалы: Кездесіп жетпіс үште іздегенім (Ж.) Біз екі-екіден бөліндік деген сөйлемдерде жетпіс үште (қашан кездесіп?), екі-екіден (қалай бөліндік?) пысықтауыш болып тұр.

Сан есім барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктердің бірінде келіп, *толықтауыш* қызметін де атқарады. Мысалы: Білікті бірді жығар, білімді мыңды жығар (мақал) деген сөйлемде бірді, мыңды деген сан есімдер табыс септікте тұрып, кімді жығар? деген сұраққа жауап беріп, толықтауыш болып тұр.

3 ЕТІСТІК. СӨЙЛЕМДЕГІ СИНТАКСИСТІК ҚЫЗМЕТІ





Етістік сөйлемде бірнеше категорияның тұлғасында қолданылғанда, түбір етістікте категория көрсеткіштері белгілі заңдылық бойынша орналасады.

Ол заңдылық төмендегідей:

1. Түбір етістікке алдымен қимылдың өту сипаты категориясының көрсеткіші қосылады. Мысалы, *итеріп қал, қағып жібер, айтып сал т.б.*

2. Қимылдың өту сипаты көрсеткішінен соң екінші орында болымдылық, болымсыздық категориясының **-ма, ме** жұрнағы орналасады. Мысалы, *айтып салма, кетіп қалма, сұқтана берме, айтып қойма т.б.*

3. Рай, шақ көрсеткіштерінің бірі. Рай, шақ көрсеткіштері бір сөзде қатар қолданылмайды.


4. Мүмкіндік модальдығы мен ниет-піғыл модальдылықтары шақ көрсеткішінен бұрын тұрады. Мысалы, *келе алмағансың, айтқысы келген еді.*

ЕСІМШЕНІҢ СӨЙЛЕМДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

1. Есімше зат есіммен тіркесіп немесе ілік септігінде тұрып, **анықтауыш** болады. Мысалы: **Оқыған** адам озады.
2. Есімше сөйлемде атау септігінде тұрып, **бастауыш** болады. Мысалы: **Көрмес** - түйені де көрмес.
3. Есімше атау мен іліктен басқа септіктерде заттанып қолданылса, **толықтауыш** болады. Мысалы: **Естігенді** ұмытпайды.
4. Есімше барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінде келіп немесе көмекші есіммен, септеулік шылаулармен тіркесіп, **пысықтауыш** болады. Мысалы: Ол сұрақтың жауабын **білетіндей** жауап берді.
5. Есімше жіктеліп келіп, сөйлемде **баяндауыш** болады. Мысалы: Адал кісі **арымас**. Сыпайы сырын **сақтар**.

КӨСЕМШЕНІҢ СӨЙЛЕМДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

1. Көсемше іс-әрекеттің түрлі күйін білдіріп, **пысықтауыш** болады. Мысалы: Мен **сөйлескелі** (не үшін?) келдім. Ол **жымиып** (қалай?) күлді. **Көре-көре** көсем боласың, **сөйлей-сөйлей** шешен боласың.
2. Көсемше жіктеліп немесе күрделі етістіктің құрамында келіп, **баяндауыш** болады. Мысалы: Алып та халықтан **үйренеді**. Ол үйіне **барып** келді. Ол өз ойын **айта** салды.



Тілімізде етістік негіздеріне – майынша, (– мейінше) жұрнағы жалғану арқылы да көсемшенің ерекше бір түрі жасалады. Бұл форма Орта ғасыр ескерткіштерінде -мадын, -мазын, -майын тұлғаларында кездеседі. «Тарихи жағынан күрделі: -ма, болымсыз етістігі мен Орхон жазбаларында кездесетін –йын -көсемшесі», - деп көрсетілген. М.Томанов (ҚТТГ, 227). Соңғы мезгіл мәнін беретін –ша қосымшасының қосылып, бірігіп жұмсалуды – Алтын Орда жазбаларында ұшырасады екен. Бұл аффикстің дейін, шейін шылауымен синонимдес екенін ескерсек (келгенше – келгенге шейін, барғанша – барғанға дейін), профессор Исаевтың көрсеткеніндей, «дейін, шейін шылауымен –ша, -ше, аффикстерінің шығу төркіні жақындығы талас тудырмаса керек. Осы жұрнақ арқылы: алмайынша, жазбайынша, төзбейінше, бітпейінше тәрізді көсемшелер көп жасалады.

Ескерту.

1. *Туісу, жалғасу, қақтығысу, соқтығысу, соғылысу* тәрізді бірнеше етістіктер ғана жансыз ұғымды білдіретін зат есімдерден болған **бастауышпен** тіркесіп келеді. Мұндай сөздердің саны өте аз.

2. Ортақ етіс сөйлемде табиғат атауларының ұғымын білдіретін жансыз зат есімдер де бастауыш қызметінде жұмсалуды мүмкін. Бірақ мұндай жағдай көркем шығармаларда ғана метафора түрінде қолданылады. Мысалы, *Аспанда жұлдыздар жымыңдасып, бір-біріне күлімдесіп, әзілдескен тәрізді* (Ғ. Мұстафин). *Жапырақтар да сыбырласып, сырласқандай.*

Ортақ етіс тұлғасы баяндауыш қызметінде жұмсалған сөйлемде оның бастауыштары мына түрде келеді:


1. Жіктеу есімдігінің көптік түрінде. *Біз бір-бірімізді ұғынысқандай болдық* («Қазақ әдебиеті»). *Олар да бізге таяу қолтықтасып келе жатыр екен* («Қазақ әдебиеті»).

2. Зат есімнің көптік түрінде. *Үй сыртына байлаған аттар тебісіп, отырғандарға маза бермеді. Екі сұңқар таласса, бір құзғынға жем болар* (Мақал).

3. Жинақтау сан есім түрінде. *Екеуі енді ғана түсініскендей болды. Бұл үшеуі Омбыда танысқан болатын* (Ғ. Мүсірепов). Бұл қимылға бірнеше субъектінің (қимыл иесі) ортақ екендігін білдіретін етістіктің формасы ортақ етіс деп аталады. Ортақ етіс тұлғасының өзіне тән морфологиялық та, синтаксистік те белгісі бар. Оның морфологиялық белгісі **-с, ыс/-іс** жұрнағы арқылы белгіленеді. Синтаксистік белгісі осы жұрнақтар арқылы қимыл иелері болатын сөйлем мүшелерімен байланысады.

4 СЫЗЫҚША ЖӘНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ОРЫНДАРЫ





Сызықша бірыңғай мүшелерден кейін келген жалпылауыш сөздің алдынан қойылады . Алдында жалпылауыш сөзі бар бірыңғай мүшелерден кейін сөйлем аяқталмаса, ең соңғы бірыңғай мүшеден соң сызықша қойылады. Диалог төл сөздің алды-артынан (егер төл сөзден кейін автор сөзі тұрса), тырнақшаға алынған төл сөздің артынан сызықша қойылады. Сызықша жалғаулықсыз салаластардың арасына қойылады. Оңашаланған айқындауыш мүшелердің екі жағынан сызықша қойылады. Бірыңғай сұраулы мүшелерді немесе сұраулы сөйлемдерді жинақтап тұратын әйтеуір деген сөз түсіп қалған жерге сызықша қойылады: Ісінгендіктен бе, таяқтан әлсірегендіктен бе — денесі зілдей ауыр екен (С. Мұқанов.). Оңашаланған айқындауыштың алдынан сызықша қойылады. Сонда, сонша, сондай, соншалық, сол, мынау, мынадай деген сөздерге аяқталған тіркестен кейін жеке сөйлем тұрса, бұл сөздерден кейін сызықша қойылады. Мекен, уақыт, сан шендестігін білдіретін сөздердің арасына сызықша қойылады (ол -дан жалғауы мен шейін шылауының мағынасын білдіреді): 1) Мойынты— Шу темір жолы. 2) Институтта күніне 6—8 сағат лекция болады. 3) Машина сағатына 30—45 километрден жүріп отырып, жолдың жартысына келіп қалды. Бұларды белгісіздік-жалпылық және болжалдық мағынадағы қос сөз сан есімдермен шатастырмау керек. Олар дефис арқылы жазылады: 1) Кермеге төрт-бес ат қатар байланыпты. (Мұндағы төрт-бес — болжалды сан есім.) Екі-үш күннен бері жаңбыр жауып тұр (мұнда да екі-үш болжалды сан есім).

БАСТАУЫШ ПЕН БАЯНДАУЫШ АРАСЫНДАҒЫ СЫЗЫҚША

1. Бастауыш атау тұлғалы зат есімнен немесе заттанған басқа сөз таптарынан жасалып, баяндауыш та зат есімнен болып, жіктік тұлғаның үшінші жағында тұрса, немесе заттанған басқа сөз таптарынан болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады: жастар — біздің болашағымыз. Еңбек ету — ардақты іс. Ел намысы — ер намысы. (Мақал). Ол — инженер. Баяндауыш болған сөздердегі жіктік тұлғаның үшінші жағында арнайы қосымша жоқ. Бастауыш пен баяндауыштың арасындағы синтаксистік қатынас интонация арқылы беріледі. Бірінші сөйлем баяндауышындағы -ымыз — жіктік жалғау емес, I жақ тәуелдік жалғау; сондықтан да ол бастауыштың қай жақта тұрғанын білдіре алмайды.

2. Бастауыш сілтеу есімдігінен немесе жіктеу есімдігінің III жағынан болып, баяндауыш зат есімнен болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады: Бұл — мың тоғыз жүз жиырма үшінші жылдың жазы. (А. Х.) Бұл — үлкен қуаныш. (А. Лекерев) Ол — үлгілі пионер.

3. Бастауыш заттанған (субстантивтенген) сын есімнен, сан есімнен және есімшеден болып, баяндауыш зат есім болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады: Сөйлеп тұрған — Алматы. Келген — Айбек. Үш — тақ сан.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сөздерді топтастырудың үшінші синтаксистік принципі сөздердің сөйлемде өзіне тән белгілі қызмет атқарумен және сол сөздердің тіркесу сипатымен яғни қандай топтағы сөздермен қалай тіркесе алуымен байланысты. Мысалы, зат атауын білдіретін сөздер атау тұлғада тұрып, қимыл, іс-әрекеттің иесі (субъект), бастауыш, табыс септігінде келіп, тура толықтауыш, жіктеліп келіп, баяндауыш, ілік септікте және екінші затпен қатыстық қатынаста келіп анықтауыш, көлемдік септіктерде келіп пысықтауыш, кейде жанама объект мәнінде толықтауыш қызметтерін атқарып, атау тұлғада қимыл, іс-әрекетті білдіретін предикатпен қиыса байланысады. Ілік септікте екінші сөздің тәуелдік жалғауында тұруын талап етіп, онымен матаса байланысады, екінші сөзбен түбір күйінде тікелей орын тәртібі арқылы қабыса байланысады, табыс я көлемдік септіктерде екінші сөзбен (көбіне етістікпен) меңгеріле байланысады. Ал қимыл, іс-әрекетті білдіретін сөздер жіктеліп келіп баяндауыш, көсемше тұлғасында пысықтауыш, белгілі түрлері атау тұлғада заттанып барып бастауыш, есімше тұлғасында анықтауыш, табыс және көлемдік септіктерде заттанып барып толықтауыш қызметтерін атқарып, грамматикалық субъектімен жіктеліп келіп қиыса байланысады. Етістікпен (көбіне көсемше тұлғасында) қабыса байланысады, есімше тұлғасында анықтауыштық қатынаста да есім сөзбен қабыса байланысады, септік жалғауындағы сөздерді меңгереді. Заттың сынын және санын білдіретін сөздер зат атауларын анықтап, затпен қабыса байланысып қолданылады, заттанып барып бастауыш, толықтауыш адамға байланыстысы жіктеліп барып баяндауыш қызметін атқарады. Қимылдың әр түрлі сипатын білдіретін сөздер қимыл мәніндегі сөздермен қабыса байланысып, пысықтауыш қызметін атқарады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – 2-басылымы. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 бет.
2. <http://collegu.ucoz.ru/publ/45-1-0-11736> сайтынан.
3. <http://sabaq.kz/19974/%D1%81%D1%8B%D0%BD-%D0%B5%D1%81%D1%96%D0%BC%D0%BD%D1%96%D2%A3-%D1%81%D3%A9%D0%B9%D0%BB%D0%B5%D0%BC%D0%B4%D0%B5%D0%B3%D1%96-%D2%9B%D1%8B%D0%B7%D0%BC%D0%B5%D1%82%D1%96/> сайты
4. уикипедия
5. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. - Астана, 2002. - 784 бет.
6. Н. Оралбай Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы: - Оқулық. - Алматы, 2007. - 390 бет.
7. Ибрагимов Қ. Қазақ тілі: ҰБТ-ға дайындық оқулық-тесті / Қанат Ибрагимов. – Алматы: ШЫҢ-КІТАП, 2012. – 283 бет.
8. Martebe.kz/etistiktin_turleri сайтынан
9. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 488 бет. + 12 бет суретті жапсырма.
10. http://itest.kz/lekcija_gerundij_tuiyq_etistik_qoldanu_erekshelikteri_sojlemdegi_qyzmeti_formalary_the_gerund_the_infinitive сайты.
11. Мырзабеков С. Қазақ орфографиясының арнаулы курсы бойынша методикалық құрал. Алматы, 2001.
12. <http://referattar.kazaksha.info/%D0%B1%D0%B0%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%83%D1%8B%D1%88-%D0%BF%D0%B5%D0%BD-%D0%B1%D0%B0%D1%8F%D0%BD%D0%B4%D0%B0%D1%83%D1%8B%D1%88-%D0%B0%D1%80%D0%B0%D1%81%D1%8B%D0%BD%D0%B4%D0%B0%D2%93%D1%8B-%D1%81%D1%8B> сайты.
13. el.kz сайты.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАҚМЕТ!!!

